

бD011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылыми техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

ҚР «Білім туралы» заңында «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие жұмысын қамтамасыз ету, жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу, енгізу білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады...» деп қарастырылған. Сондықтан жоғары оқу орындарында білім, ғылым және өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана алатын маман дайындау қажеттігі тұр. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығымен өркендеуінің негізі» атты жолдауында әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңінде білім беру сапасын жақсартумен қатар, ғылым саласындағы ахуалға ерекше назар аударды. Ғылымсыз еліміздің дамуы мүмкін емес, сондықтан отандық ғылым жүйесінің сапасы, ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру, оларды тәжірибеде қолдану тұрғысынан қарастыру қажеттігіне басымдық берді. Елімізде аграрлық секторды өркендетуде жаңа инновациялық технологияларды ендіру мәселесі қолға алынып отырған жағдайда топырағы тұзданған аумақтарда күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін пайдалану туралы болашақ мамандардың ауқымды білім алып, мектеп оқушыларына биологиялық білім беруде өсімдіктердің төзімді түрлерін алуды үйретуде маңызды фактор. Бұл тұрғыдан алғанда да, бүгінгі қорғауға ұсынылғалы отырған тақырыптың өзектілігі дау тудырмайды.

Жұмыстың негізгі мақсаты ғылым мен практиканы ұштастыра отырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, оның нәтижесін білім беру барысында қолдана білуге үйрету. Әрине, бұл болашақ маманның зерттеушілік, кәсіби әдістемелік шеберлігін қалыптастыруда басты мәселенің бірі. Биология пәнінен мектепте де, ЖОО–да білім беру барысында кез келген нысанды зерттеу, тәжірибе жасау, бақылау нәтижелеріне сүйене отырып оқыту негізгі орын алатыны белгілі. Осындай жұмыстар арқылы біріншіден, болашақ мұғалімдер зерттеу жүргізудің теориялық-әдістемелік негізін меңгерсе, екіншіден, оның нәтижесін сабақ барысында қолдануды үйренеді.

Осы тұрғыдан алғанда докторант Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі әлеуметтік-экономикалық тапсырысқа сәйкес болашақ мамандарды даярлауда өзекті мәселеге арналған.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу барысында диссертант төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже: күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін оқу үдерісінде пайдаланып, болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздеріне саралау жасағаны;

Екінші нәтиже: күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйрету әдістемесінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделін құруы;

Үшінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда күріштің тұзға төзімділігін анықтаудың әдістемесін ұсынып, оқу үдерісіне ендірілгені;

Төртінші нәтиже: болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріп, дәлелдегені.

3. Диссертанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - диссертанттың болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін зерттеу нәтижесін қолданудың теориялық мәселелерін саралауда нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздеген және жеке ойын тұжырымдап, биологиялық білім берудегі мазмұны толықтырылып, өзіндік қорытынды жасай білгендігінде;

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеу мәселесіне байланысты құрылған модель. Күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйрету әдістемесінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделі;

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолданудың мазмұны мен әдістемесін ұсынып, «Астық тұқымдастар селекциясы» элективті пәнінің мазмұны толықтырылып, «Өсімдіктер физиологиясы» пәнінің бір бөлімінің мазмұны жаңартылып, оқу-әдістемелік құралының оқу үдерісіне ендірілгендігінде;

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша ғылыми зерттеу нәтижелерін қолданудың әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденгені және нәтижелерді қорғауға ұсынуы зерттеу жұмысының тиімділігін көрсетеді.

4. Диссертанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағиданың) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиже жаңа, себебі жоғары оқу орындарындағы биологиялық білім беру мазмұнында тұзға төзімді күріш дақылының физиологиялық-генетикалық ерекшеліктері нақтыланып, болашақ биолог

мұғалімдердің ғылыми-зерттеу нәтижелерін қолданудың теориялық негіздері айқындалған;

Екінші нәтиже де жаңа, өйткені күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйретуге бағытталған «Астық тұқымдастар селекциясы» мен «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндерінің мазмұнына сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

Үшіншіден, болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолданудың толықтырылған мазмұны мен оқыту әдістемесі ұсынылып, «Астық тұқымдастар селекциясы» мен «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндерінің оқу үдерісіне *ендірілгендігі үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесін* аңғартады;

Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі, болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша ғылыми зерттеу нәтижелерін қолдану әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденуі және нәтижелерінің қорғауға ұсынылуы қағидаларының жаңалығын растайды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы Эксперимент нәтижесінде алынған әрбір нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталған. Диссертант зерттеу міндеттерін қатаң логикалық біріділікпен ашып көрсете білген.

6. Диссертанттың алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы Жұмыстың маңыздылығы ретінде күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін оқу үдерісінде пайдалануда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми тұрғыда негізделіп, оны қалыптастырудың қажеттілігінің көрсетілуі, зерттеу жұмысы бойынша 34 күріштің үлгілеріне физиологиялық және молекулалық –генетикалық әдістер негізінде скрининг жасап, тұзданудың үш (хлоридті, сульфатты, карбонатты) типіне төзімділігінің бағалануы, шетелдік тұзға төзімді генотиптерін қатыстырып қазіргі заманғы биотехнологияның әдістерін (жанама маркерлер селекциясы - *MAS marker assisted selection*) дәстүрлі селекциямен ұштастыра отырып жеделдетілген күріштің линияларын алып, молекулалық маркерлердің көмегімен бақылап, тұзға төзімділік гені бар генотиптерді іріктеген. Болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда күріштің тұзға төзімділігін анықтаудың әдістемесі жасалып, қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілгені және зерттеу нәтижелері бойынша элективті пәннің оқу үдерісіне ендірілгені.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу нәтижелері 23 ғылыми жұмыстарда жарияланды. Оның ішінде 3 мақала Scopus және 1 мақала Web of Science мәліметтер базасына кіретін журналдарда, 5 мақала ҚР жоғары аттестациялық комитет тізіміндегі басылымдарда, 11 мақала халықаралық

және республикалық конференцияларда, 1 мақала форум материалдарында, 1 әдістемелік нұсқаулық және 1 оқу-әдістемелік құралы авторлық бірлестікте жарияланған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Батаева Дариға Серікқызының докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін. Ғылыми жұмыс өзекті, теориялық тұрғыда толық негізделгенімен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер орын алған:

1. Зерттеу мәселесі бойынша теориялық талдауда шетел ғалымдарының еңбектеріне көп сілтемелер жасалған. Біздің ойымызша, Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне көбірек талдау жасалса, диссертациялық жұмыс мазмұны тереңірек ашыла түсер еді.

2. Диссертация мазмұны пунктуациялық, орфографиялық қателерге түзетулер енгізуді талап етеді.

Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орындалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты

 А.Аметов

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми аттестаттау
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

